

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ЖАЙЛЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ

Нысанбаев А.А.*

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (Өскемен, Қазақстан)
nyssanbayev85@gmail.com

Nyssanbayev A.*

S. Amanzholov East Kazakhstan University (Oskemen, Kazakhstan)
nyssanbayev85@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада қазақ мемлекеттілігі туралы мәселенің философиялық мазмұнын, оның қалыптасу, даму ерекшеліктерін Алаш қайраткерлерінің шығармашылығы арқылы ашып көрсетуге талпыныстар жасалынған. Философия тарихындағы мемлекет және оның басқару үлгілері туралы ұғым, түсініктерге шолулар жасалады. Мемлекеттің түпкі мәні және оны басқару үлгілері барлық өркениеттер мен мәдениеттер үшін бірдей екендігі тұжырымдалады. Қазақтың өзін-өзі тануына, алдыңғы қатарлы елдер қатарына енуіне жол ашатын қайнарлар қатарындағы алаш қайраткерлерінің саяси-философиялық ойларының әлеуеті ашып көрсетілген. Әлихан Бөкейхан ғылыми зерттеулерінің қазақтың философиялық ой жүйесі өрісін кеңейтудегі рөлі айқындалады.

Түйін сөздер: мемлекет, қазақ мемлекеттілігі, автономия, басқару формалары, билік, демократия, демократиялық республика, тәуелсіздік, еркіндік.

Kipicne

Ә. Бөкейханның теориялық шығармашылығын философиялық тұрғыдан талдаудың өзектілігі қазіргі тәуелсіз Қазақстандағы мемлекеттілік, билік туралы тұжырымдамалардың қалыптасуына онды ықпал етері сөзсіз. Алаш көшбасшысы қазақ халқының құқы мен еркіндігін қамтамасыз етуде мемлекеттілік және оның үлгілері жөніндегі жалпы адамзаттық озық ойлар мен тәжірибелерден оқып үйренуді талмай жалғастырды. Жапония, Германия, Америка, Англия, Дания, Швейцария, Аустралия елдерінің ілгері тәжірибесінен керегін ала да білді. Жетілген мемлекет туралы демократиялық ойларға салыстырмалы талдаулар арқылы елінің болашақ даму бағдарларын айқындауда шебер қолданады. Әлиханның терең білімділігіне қоса тиянақты ойлау қабілетіне ие жан дүниесі қазақтың ұлттық болмысымен біте қайнасқан еді. Сондықтан да олар жасаған Алаш бағдарламасы қазақ ұлттық идеясын толығымен қамти алды.

Ә. Бөкейханның ұлттың рухани жағынан өсіп жетілуінің дүниетанымдық, философиялық мәселесін қозғайтын еңбектері, болашақ қазақ мемлекетінің азаматтарын сапалық жағынан жетілдіруге арналды. Қазақ халқын қараңғылықтан, надандықтан, кіріптарлықтан құтқарудың жолдарын іздестірді. Осы міндет сол кездегі ұлт зиялыларына жүктелді. Нағыз ұлттық зиялылар қатарына М.Шоқайдың пікірі бойынша тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына

* Автор-корреспондент - Нысанбаев А.А.nyssanbayev85@gmail.com

қызмет ете алатын адамдарды ғана қосуға болады. «Дүние жүзінде зиялыларсыз ұлтқа айналған саяси, әлеуметтік халық бұқарасы бірлігі ешқашан болған емес. Сондай-ақ халық бұқарасынан қолдау көрмеген жағдайда зиялы қауым ештеңе істей алмайды. Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни оны жат үстемдіктің тепкісінен құтқарып, өз мекемелеріне ие, тәуелсіз бір жеке тұлғаға айналдыру сынды негізгі мақсатқа жету үшін, ұлттық зиялы қауым мен ол өзі тән болып отырған халық бұқарасы арасында бір ортақ сана болуы тиіс. Міне осы сананы айқындау, яғни халық тілегін дұрыс және анық бір формаға келтіру, аталған мақсатқа жету үшін іс пен әрекет бағдарламасын жасау зиялылардың міндеті [1]. Зиялы қауым өкілдері ұлттық мемлекеттілік мәселесін ғылыми тұрғыдан зерттеп, бағдарламалар мен тұжырымдамалар жасаған ғалымдар да еді. Әлихан Бөкейхан өзінің артынан ерген қазақ зиялыларының арасында саяси күрескерлік үрдіс қалыптастырды. Және бұған қоса олардың рухани-адамгершіліктік және дүниетанымдық ұстанымдарының берік болуына өз өнегелі жолы арқылы ықпал жасай алған тұлға дәрежесіне көтерілген көшбасшы еді.

Зерттеу әдістері

Мақалада әлеуметтік-философиялық талдау, жүйелеу, диалектикалық әдістер, жалпы философиялық, салыстырмалы талдау, құрылымдық-функционалды және герменевтикалық әдістер қолданылды. Зерттеу материалының негізіне әлемдік және отандық ғалымдардың мемлекеттілік және билік туралы еңбектері әдіснамалық тұғыр ретінде қарастырылады. Солардың негізінде биліктің ерекшеліктері талданып, ғылыми-теориялық тұрғыдан зерделенеді. Теориялық және концептуалдық талдау жүргізуде шетелдік саясаткерлер мен ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалады. Зерттеліп отырған тақырып аясындағы ғылыми мақалалар және кітаптардағы пікірлер мен ойлар зерделеніп, билік феноменінің формалары мен түрлері зерттеледі.

Мемлекеттілік жөніндегі әлемдік философиядағы ой желісі

Философия тарихындағы мемлекеттік құрылым туралы тұжырымдарға зер салар болсақ, ол Антика заманынан сақталып келген Платон мен Аристотельдің еңбектерінен кездестіреміз. Платонның «Мемлекет» атты сұхбатында: «Қалай десек те, оларда бір-бірімен жауласқан екі мемлекет бар: біреу – кедейлердікі, екінші – байлардыкі ... » [2, 303 б.) Платон пайымдауларында мемлекеттің төрт түрлі формасы болады: тимократия, олигархия, демократия, тирания. Тимократиялық формада өкімет билігі баюды көздейтін баққұмар адамдардың қолдарында болады. Олигархия формасында байлар билік жүргізеді, ал кедейлер басқаруға қатыса алмайды. Осындай мемлекетте байлар мен кедейлер арасындағы өшпенділік, жеккөрушілік сияқты пиғылдар пайда болады. Олигархияда азшылық билік жүргізсе, одан кейінгі демократиялық формасында көпшілік билікке ие болады. Байлар мен кедейлер арасы шиеленіске ұласып, кедейлер көтеріліспен билікті басып алады. Ал ең соңында тираниялық формада мемлекет билігі жеке адамның қолына өтеді. Алғашқы кезде тиран жұрттың бәріне жақсы болып көрінгенімен бара-бара көсемдікке ұмтылып, соғыс ашады. Ал соғыс болса адамдарды апатқа ұшыратып, елдің экономикалық жағынан тығырыққа тіреп, халықтың наразылығын тудырады. Сондықтан Платонның

мемлекетті басқарушы адамы табиғатынан қабілетті болуы керек. Осыған орай ол адамдарды да үш топқа бөлді. Бірінші топқа данышпандар, яғни философтарды жатқызады. Өйткені олар әдемілікті терең түсінетіндер. Екінші топқа әскери қорғаушыларды жатқызады. Және олар соғыс өнеріне қоса поэзиямен, музыкамен, көркемөнермен айналысулары керек. Бұл олардың ақылын дамытып, ойлау қабілетін жетілдіреді деп топшылайды. Ал үшінші топқа қол өнершілер мен егіншілерді жатқызады. Олардың міндеті мемлекеттегі адамдарды тұрғын үймен, киіммен, тамақпен қамтамасыз ету. Сонымен Платонның мемлекет, ондағы билік, адам мәселесіндегі тұжырымдарын бағамдайтын болсақ, адам парасатты, қоғамдық және мемлекеттік азамат.

Платонның шәкірті Аристотель де мемлекет жайлы ой толғап Антика дәуірінде «Саясат» деген еңбек жазды. Ежелгі грек ойшылдың мемлекеттің пайда болуы жөніндегі тұжырымдары: «Сонымен мемлекет табиғатынан өмір сүреді және табиғатынан әрбір адамнан бұрын: сондықтан жеке адам оқшауланып қалғанда өзді өздігінен бола алмайтындықтан, оның мемлекетке қатынасы кез-келген бөліктің бүтінге қатынасындай. Ал қарым-қатынастарға қабілетсіз немесе өзін өзіне жеткілікті деп есептеп, оларды қажет етпейтін болса, ол жануарға айналып, я құдайға айналып, мемлекеттің элементі болудан қалады. Барлық адамдарға табиғат мемлекеттік қарым-қатынасқа деген талпынысты берген, ал осы қарым-қатынасты алғаш ұйымдастырған адам адамзатқа осы ұлы игілікті табыс етті. Қалыптасуының шегіне жете алған адам тірі жәндіктердің ішіндегі ең жетілгені, ал керісінше, заң мен құқықтан тыс өмір сүретін адам – олардың ең жаманы, өйткені қаруланған әділетсіздік – ең зардапты нәрсе: табиғат адамға ақыл мен адамгершіліктің күшін сыйлап, осындай қару берді, ал оны кері бағытта да қолдану әбден мүмкін. Сондықтан адамгершіліктен махрұм адам ең арсыз, ең анайы, жыныстық және талғамдық ұмтылыстарында ең дөрекі мақлұқ болып шығады. Әділеттілік ұғымы мемлекет хақындағы түсініктермен байланысты, өйткені әділеттіліктің өлшемі болып қызмет ететін құқықтық-саяси қарым-қатынастарды реттейтін тәртіп»[3]. Аристотельдің пайымдауындағы мемлекет табиғатынан бар туынды, және ол адамдардан тәуелсіз. Мемлекет бүтіндік, ал адамдар бөлік. Егер жеке адам өзін басқалардан оқшауланып, қарым-қатынастарды қажетсінбесе ол мемлекеттің мүшесі емес. Онда ол жануар. Мемлекет адамдардың саяси құрылысы және осы саяси құрылымда заң үстемдік етеді. Мемлекеттегі заңдар азаматтардың іс-әрекетін реттеп отырмаса қоғам құрдымға кетеді. Грекияның полистік мемлекеттеріндегі азамат ұғымына ерекше тоқталады. Грекияда әрбір он сегіз жасқа толған ер адам мемлекеттік істерге: заң шығарушы, атқарушы билікке, сот істеріне қатысуға құқылы және міндетті де. Аристотельдің түсінігінде біреулер табиғатынан құл болады. Құлдар өзінің қожайыны үшін жаратылған және олар адам болғанымен азамат болуға лайықсыз. Ал әйелдер болса табиғатынан еркекке бағынышты, олай болса ол да мемлекеттің азаматы бола алмайды. Көне дәуір философының мемлекет азаматтығына құлдарды, әйелдерді жатқызбауы біздің ойымызша дұрыс емес. Аристотель өзі өмір сүріп отырған мемлекеттің тұтастығын қамтамасыз етуде онда өмір сүріп жатқан жеке адамдар мен топтар бір біріне зиян келтірмей, өздерінің мүдделерін көздеп тыныштықты сақтаулары тиіс.

Ал мемлекеттегі билік жүргізудің формалары жөнінде философ оларды екі түрге бөледі. Біріншісі басқарудың дұрыс формасына: монархияны, аристократияны және политияны жатқызса, осыларға қарама-қарсы теріс басқару

формасын да атап көрсетеді, оларға тиранияны, олигархияны, демократияны жатқызады. Аристотельдің бұрыс мемлекетінде билік өзі үшін өмір сүреді. Мұнда билік иесі монарх билігін өз мүддесі үшін пайдаланып тиранға айналуы сөзсіз. Билік қолдарына тиген аристократия байлықтарын ұлғайтуды көздесе олар олигархияға айналуы мүмкін. Аристотельдің билік туралы философиялық тұжырымдарынан түсінетініміз билік жүргізу, үстемдік ету деген мағынаны білдірмейді. Билік жүргізу әділетті заңдар арқылы басқару. Үстемдік ету дегеніміз адамдардың немесе жеке адамның, көпшіліктің азшылыққа, азшылықтың көпшілікті басып-жаншуы. Аристотель адамдар қауымының алғашқы формасы отбасын таныды. Ол осы қарапайым отбасындағы қожайын мен құл бұл жерде қожайыны құлға билік жүргізуге құқылы, еріне әйелі, әкеге бала бағынышты. Ең жоғарғы билік мемлекеттік билік. Аристотельдің мемлекеттік формаларды талдаулары көбінесе демократиялық жүйені сынауымен ерекшеленеді. Аристотельдің тұсындағы мемлекеттерде заңдар жүйесі тұрақталмай, қоғамдық тәртіп бұзыла берді. Демократия көпшіліктің азшылыққа үстемдігі болғандықтан, ол мемлекеттің түпкі принципінен ауытқу болады. Осыдан кейін оның ойынша қазіргі кездегі біздердің демократиялық принциптер деп түсінетін ұғымға сәйкес келетін ең жетілген биліктің формасы - полиция. Грекиядағы ұсақ қала мемлекеттерінде халық жиналыстарында заңдар қабылдана беретін. Онда демократияның ең түпкі принципі халық өзінің билігін жүзеге асыра алатын.

Мемлекеттің басқару формасы жайлы Аристотельден кейінгі Екінші ұстаз Әл-Фараби өзіне дейінгі ежелгі гректердің философиялық көзқарастарын саралап әрі қарай дамытты. Оның философиялық еңбектері қоғам мен адам мәселесіне арналды. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» атты еңбектеріндегі философиялық ой-толғауларында адамды жан-жақты жетілдіру арқылы ізгілікті азаматтардан тұратын қайырымды мемлекет, кемелденген қоғам құрып, жоғары бақытқа жету тетіктерін зерделеді. Әл-Фарабидің қайырымды қаласы мемлекеттік форма ұғымын білдірсе керек. Қала басшылығына лайық адамның бойынан ақылдылық, білімділік, әділеттілік қатарлы ізгі қасиеттер болуы шарт. Ортағасыр ойшылының әділеттілік туралы ойы – бұл ең алдымен қаланың барлық тұрғындарының сыбағасына тиетін ортақ игіліктердің бөлінуі, олардың арасында бөлінген сол игіліктердің сақталуы. Осы игіліктерге – аман-саулық, байлық, қадір-құрмет, алатын орынды жатқызады.

Орта ғасырлардағы түркі ойшылы Жүсіп Баласағұн «Құтадғу білік» дастанында мемлекет басқару әдістері, адамгершілік қағидаттары, қоғамдағы ережелер мен заңдар, әдет-ғұрыптар жайында мәселе қойып соны философиялық тұрғыдан шешуге талпыныстар жасаған. Жүсіп Баласағұн дастанындағы философиялық ойларға терең талдаулар жасаған М.С. Орынбеков былай деп жазды: «Түрік қоғамының өмір салтының құрылымы, экономикасы, саясаты, басқару ісі мен әлеуметтік топтары жайлы бай эмпирикалық жадығат табады.... Өмірші өзінің даналық құзырында көшпенділер, егіншілер, жалшылар мен бағбандар, қолөнершілер мен бақташылар, құлдар мен күндер сияқты әртүрлі жұртшылықты біріктіруі керек. Бұл үшін ол үлкен парасат иесі болып, басқарудың дұрыс әдістерін тауып, байлар орта және чичайлар, яғни кедейлер болып бөлінген халықтың әртүрлі топтарының қарама-қайшы мүдделерін келістіріп отыруы керек. Осы жағдайда тұрғындардың негізін малшылар құрады.... Дәстүрлі түрде түрік көшпенділерінің үрдісімен қоғамдастыққа ержүрек сардарлар мен батырлар

сайланса, енді жаңа жағдайда ел басқару ісіне саяси күресте білікті, парасатты адамдар қажет болды. Олардың алдында тек қана қамал бұзып, жер алудан басқа, мемлекет ішіндегі әртүрлі халық тобы мен шаруашылық-мәдени топтарды құрайтын саяси күштердің тепе-теңдігін, тыныштығын сақтау қамы тұрды» [4].

Жүсіп Баласағұн ел билеушіге тән болуы тиіс қасиеттерді былайша сипаттайды:

Тұрмыс, заңды тураласа іліммен,
Бектің аты бар жаһанға тараса,
Күн-күн сайын құты артса тамаша.
Бектік үшін туған олар анадан,
Бектік сүтпен, іспен бойға тараған.
Бектің ісі, тек бектердің еншісі –
Бектер ісін ұғар бекке тең кісі.
Бек халықты тек білікпен сендірер,
Барлығын да ақылына жеңдірер.
Бек дегенің білікпенен берік тұр

Білік кетсе, бек қалады – желік құр [5, 215 б.]. Билеуші ақыл парасатына қоса білімді болуы қажет. Ел ниеті бұзылса, бек түзер, бек ниеті бұзылса кім түзер? Сондықтан ел билеушісінің бойынан әділдік, қайырымдылық, адалдық қатарлы қасиеттер табылып, ашкөздік, сұғанақтық, тойымсыздық сияқты кесірлі пиғылдардан ада болуын қалайды. Ашкөзденбе, ұятты ойла, адал бол, Ашық айтып, әділ іске жарар бол! Мешкей тынып, сұғанақ көз, тояр ма? Ашкөзділер жаһанды жеп, тояр ма? Мемлекет қызметіндегі шенеуніктерді қолдағы билікті шексіз пайдаланып сұғанақтық жасап, халық игілігіне қол сала беруден шектейді. Ортағасырлық түрік мемлекеттеріндегі осы мәселелер қазіргі кезеңдегі қазақстандық қоғамда сақталып отыр. Сыбайлас жемқорлық, парақорлық жойылмай, қоғам осындай осалдықтардан арылмай прогресске қол жеткізе алмайды. Ел билеушінің екі қаруы болу керек деген саясаткер: қалам мен қылышты қару еткен жыр жолдары: Ел жаулаушы қылышымен алады, ел бастаушы қаламымен алады, қылышымен басқарса, ел ашынар, ал қаламсыз, басшысыз ел шашылар. Қылышыңмен билерсің де желерсің, мезгіл жетіп, шырмауықтай семерсің. Елді, жерді табындырса қаламың, түгенделер тілегің мен талабың [5, 215 б.]. Қазақтың «білімді мыңды жығар, білекті бірді жығар» деген нақыл сөзі білімнің күші, парасаттылық арқылы ел басқарудың тиімділігін көрсетіп береді. Соған қоса мемлекетте дұрыс заңдарды қолданып басқаруды ең оңтайлы жол деп біледі.

Еуропада Қайта өрлеу, Жаңа дәуір деп аталған тарихи кезеңде ағылшын философы Томас Гоббс саясат мәселесімен терең түрде айналысады. Соның нәтижесінде «Левиафан» атты саяси-әлеуметтік көзқарастарын айқындаған еңбегі жарық көрді. Бұл еңбекте : «Мемлекет дегеніміз – біртұтас тұлға. Ел-жұрт өзара келісімге келу жолымен мемлекетті өздерінің іс-әрекеттеріне жауапты етті. Осылайша, осы тұлғаның өздерінің бейбіт өмірі мен ортақ қауіпсіздігі үшін бар күш-қуатын қалауынша пайдалануына келісім берді» [6]. Осы адамдар өздері келісіп билеуші етіп сайлаған адамды Гоббс суверен деп атаған. Гоббстың пайымдауында барлық адамдар жаратылысынан тең.

Француз философы Вольтер Франциядағы абсолюттік монархияны, шіркеуді сынға алады. Вольтердің негізгі философиялық ойларының өзегі ой еркіндігі мен азаматтардың еркіндігі мәселесі. Ол өзі ағартушы болғандықтан мемлекетті

басқарудың формасы ағартушылық монархия деп түсінді. Адамдар тек заң алдында тең болуы керек. Философтың көзқарасы бойынша, деспотиялық басқарудың орнына әрбір адамға табиғи құқықтар берілетін — зерде мен еркіндік патшалығы келеді. Ол құқықтарға — адамның жеке басына қолсұқпаушылық, жеке меншік құқығы, баспасөз бостандығы, ар-ождан бостандығы және т.б. жатады. Вольтер еркіндікті адамның шығармашылық бастамасын, оның жеке кәсіпкерлік қызметін шектейтін феодалдық сарқыншақтарды жою деп түсінді. Вольтер еркіндікті азаматтардың зорлық-зомбылықтан тәуелсіздігімен байланыстырды. Сонымен еуропалық мемлекеттердегі феодалдық құрылымдарға негізделген деспотиялық форманы сынаған философиялық ой жүйелерге талдаулар жасай келе қоғамда мүдделері әртүрлі таптардың пайда болғандығын көреміз. Үстем таптардың езілген төменгі таптарға жүргізген деспотиялық формадағы билігі қалыптасты.

Қазақ хандығындағы мемлекеттік басқару формалары

Қазақтарда хандық билікті жою, мемлекеттілігін мақсатты түрде әлсірету кезеңін 1731—ші жылдан бастап 1822 жылдарды қамтиды. Дегенмен бұл тарихи кезеңде қазақ қоғамында әлі де болса дәстүрлі басқару жүйесі, яғни жоғарыда хан, ал жергілікті жерлерде сұлтандар және билер институттарынан тұрған бұрынғы жүйе сақталып қалды. Бірақ бұл билік жүйесінің нығая түсуіне негіз боларлық саяси және экономикалық алғышарттар жоқ-тын. Көшпелі, жартылай көшпелі тұрмысқа сүйенген мал шаруашылығы, қоғамдағы рулық-жүздік жүйе, билеуші топ — сұлтандар арасында билік үшін тынымсыз жүріп отырған күрес мемлекеттік басқару жүйесінің қалыптасып және нығая түсуіне кедергі жасайтын факторлар болды. Ел ішінде қалыптасқан бұл жағдайлар өз ретінде сырттан төнген ықпалға жол ашып, қазақ қоғамына империялық басқару тәртібін енгізуге қажетті жеңілдіктер туғызды. 1867-1868 жылдары енгізілген әкімшілік-басқару реформасынан бастап...мемлекеттік дербестігінен айрылған қазақ қоғамы ендігі уақытта Ресей империясының провинциясына, шеткі аймағына айналды [7].

Қазақ хандығындағы саяси жүйенің өз ішіндегі әлеуметтік жүйесімен өзара қарым-қатынас орнату үрдістерінен демократиялық құрылымның алғышарттарын көруге болады. Ондағы заң шығарушы билік кейпіндегі хан мен билер, атқарушы билік өкілдері болып табылатын хан айналасындағы уәзірлер мен сұлтандар, сот билігін қолға алған би алқасының қызметкері тежеу және тосқауылдар ұстанымына сүйенді. Мемлекеттік органдар жүйесінде ең жоғарғы билікті хан иеленетін. ...Қазақ әскерінің негізін еркін көшпеліден тұратын жасақ құрады.

Рулық қауымдастықтардың қалыптасуы және әр қауымдастыққа белгілі бір өкілдің бекітілуі сол кездің өзінде ақ өкілетті демократияның алғышарттары болғандығын көрсетеді. Дәл осы өкіл адамдар үш жүздің жиналысында халықтың мүддесін қорғап, иерархия жүйесінің ең жоғарғы баспалдақтарында тұратын билік өкілдерінің деспотиялық әрекеттеріне жол бермейтін. Халық өз өкілдеріне сенім артып, Ханның билігіне легитимдік қатынас білдіруі бұрындары Жан Жак Руссо негізін салған «қоғамдық келісім» сияқты модельдің де Қазақ хандығында кең етек жайғанын білдіреді [8].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ ағартушылары, ақын-жыраулары, еуропалық деңгейде білімді қазақ зиялылары далалық билер институтын сақтап қалуға талпыныстар жасайды. Ш.Уәлихановтың «халық өркендеудің қандай сатысында тұрмасын оның

қарапайым өсу жолына: өздігінен даму, өзін-өзі қорғай білу, өзін-өзі басқара білу қажеттілігін басшылыққа ала отырып, біз бұлтартпайтын қорытындыға келдік, яғни билер сотын белгілі мерзімге дейін, 1854 жылы заң шыққанға дейінгі қалпында қалдырып, бұл заңды немқұрайды қараудың төрешіл кеңесшілдіктің идеясының ықпалынан формализммен тәртіп түрінде пайда болғандықтан жою керек... Қандай да болмасын өзгерісті ұластырып, орын тептіріп, әрі сақтап қалу үшін біз қабылдағалы отырған реформа сол қалықтың мүддесі, пайдасы үшін жасалып отырғандықтан, оның материалдық мұқтажына шақталуы, әрі сол қоғамның ұлттық мінез-құлқына сай келуі қажет. Бұл жағдайдан тыс жасалған өзгерістің бәрі зиянды, әрі аномал (жағымсыз) құбылыс ретінде қауымды айықпас дертке шалдықтырып, тұралатып, мешеулетуі мүмкін», – деген болжаулары қазақ би ер соты мен мировой соттың дәстүрлі қоғам өміріне қолданудағы онды және теріс жақтарына ғылыми тұрғыдан жасалған сараптамалық талдаулар еді. Шоқан өз ұлтын сүйген патриот ретінде халқының болашақ даму жолындағы болып жатқан саяси-әлеуметтік өзгерістерді талдап-талқылауға белсене атсалысты [9]. С.Зиманов «Дала заңының саңлағы, ...әділетті бітім биліктерімен, ел басқару, ел мүддесін қорғау тәсілдерімен қазақ топырағында ерекше орын алған іргелі тұлғалардың жолын ұстаған соңғы билердің бірден бірі, ғаламаты да Абай» деп, оның қайраткерлік қырын ашты [10]. Ресей әкімшілігі сайлап қойылатын билердің кемшін тұстарын Абай: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның «Күлтөбенің басында күнде кеңес» болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, осы ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ» [11].

Қазақтың дәстүрлі билері төрелігін еуропа жұртшылығындағы сот билігін салыстыра зерделеген Ә. Бөкейхан: «Әділ би құдайдан басқа адамнан қорықпаса болды. Әділ билік рәсімге сүйенсе орнына келеді. Англия биін жұрт сыйлайды, атақты билер оқу оқитын медресені бітірген, жасы толған, ғұмырында қылған ісінде кірі жоқ кісіні би сайлауын ешкім бекітпейді һәм бұл би ешкімнен мақтау, шен алмайды, сот тергемей орнынан түспейді. Қызметіне алатын хақысы министрлер алатын хақыдан кем емес. Би алдында патшаның соқа басынан басқа бар адам құрдас. Англияда би болмақ зор дәреже, жұрт көзіне зор құрмет. Міне, Англия билігіне қарасақ, бұлардың әділдігі жазып шығарған закон емес, жұрт рәсімі арқылы болған. Қазақ орысқа қараған соң бәйге аттай, жақсы жорғадай туысынан болатын шешен озған би жоғалды. Кім орысқа жағымтал болса, сол жұртты бір қамшымен айдайтын болды. Бұрынғы жүйрік шешен билерден келе жатқан әз, әділ билік жорасы жаман қарапайым тұғыр би парасына аяқ асты болды. Пара беріп ақты қара, қараны ақ қылатын күн туды» [12]. Қазақ қоғамындағы билер атқарған ұлы істер адамды рухани жетілдіруге зор үлес қосты. Билер институты жазалаушы орган болуымен қатар тәрбиелеуші органның да қызметін атқарды. Сахарада билер билік құрған кезеңдерде пара беру, пара алу сияқты жаман әдеттер болмаған. Әлихан Бөкейхан Қазақ елінде демократиялық ұстындарды жетілдіруде билердің атқарған қызметін жоғары бағалады.

Әлихан Бөкейханның қазақ мемлекеттілігі жөніндегі тұжырымдары

XVIII ғасырда Ресей империясына протекторат ретінде қосылған Қазақстан біртіндеп еркіндігінен айрылған колонияға айнала бастады. XIX ғасырда Қазақ даласы Ресей империясының саяси-әкімшілік, экономикалық жағынан толықтай тәуелді отар аймағы еді. Әлихан Бөкейхан болашақ қазақ мемлекетін құрып, әрі қарай жетілдіруде сан ғасырлар бойы қазақтың қазақ болып дүниеде болуының ішкі арқауы болған рухани асылдарын мұқият зерттеп-зерделейді. Алаш зиялылары ең алдымен халықтың бірлігі мен тұтастығы және оның еркіндігі мәселесін көздеді. Алаш идеясының мақсат-мүддесінің ең бастысы жер мәселесі еді. Қазақ мемлекеттілігін негіздеу территориялық тұтастық идеясы арқылы мүмкін болады. Мұстафа Шоқай Әлиханның жер қатынастары жайлы мәселеде айтқан ойларын былай деп еске алады: «Халқымыздың жерін тартып алғанын заңдық тұрғыдан негіздеме болып, Ресей өкіметі күллі Түркістан даласын мемлекет мүлкі деп жариялап, Ресей мемлекетінің меншігіне айналдырды да, ол жердің байырғы иелері қазақтар мен қырғыздарға өз жерін өзіне жалға берді. Әлихан бізге ылғи да: «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын Орыс өкіметінің ата мекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керек екенін, осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді» [13]. Әлиханның ғылыми зерттеу жүргізудегі жан-жақты білімдарлығы мен парасат-пайымы, өмірлік тәжірибесі нақты тұжырымдар жасауға қол жеткізді.

Әлихан Нұрмұхамедұлының 1894–1926 жылдар аралығында Ресей Империясының Қазақ даласын зерттеу мақсатында ұйымдастырылған ғылыми-зерттеу экспедицияларына мүше болуы, мал шаруашылығымен айналысатын көшпелілерде жер пайдалану әдіс-тәсілдерінің заңдылықтарын тереңірек зерттеп-үйренуіне жағдай туғызды. Ұлы даланың тұрғындарын этникалық, жағрафиялық, тарихи даму тұрғысынан ерекшелігін анықтау мақсатында құрылған 1896 жылғы Орыс Үкіметінің Ф.А.Щербина бастаған экспедициясына Әлихан Бөкейханды мүшелікке алады. Осы экспедицияға статист ретінде шақырылған Әлиханның ғылыми-зерттеу саласындағы жинаған мол тәжірибесі, орыс және ана тілін жетік білуі экспедицияның жеке зерттеу тобына басшылық етуіне жол ашты. 1894-1895 жылдары Тобыл экспедициясына қатысады. 1902-1903 жылдары С.П. Швецов экспедициясына қатысуы Ресей Империясының түпкі мақсат-мүддесі кең байтақ өлкені отарлау саясаты, жерінен айырылған қазақ халқының болашақтағы тағдыры жайлы саяси көзқарастарының қалыптасуына, ғалым ретінде шындалуына ықпал етті. Сонымен қатар XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы мен Ресей империясы арасындағы қатынастар тарихымен екі ел арасындағы мемлекеттік деңгейде жазылған хаттармен танысып, саяси-философиялық ой түйіндеулер жасайды.

Алаш қайраткерлерінің барлығы дерлік өздері оқып бітірген кәсіби мамандықтарымен шектелмей, жан-жақты, әмбебап мамандар болды. Олар баспа қызметімен, оқу, білім таратумен, шығармашылықпен қоса қоғамның саяси өміріне белсене, ерекше құлшыныспен араласты. Әлемде өріс алған ақпараттық революциялар қазақ зиялыларының саяси көзқарастарын баспасөз арқылы таратуына жол ашты. Қазақ зиялылары мешеу қалған елдің өзіндік санасын оятып, саяси белсенділігін арттырудың бірден бір жолы қырда газета тарату, кітаптар басып шығару деп білді. Алаш көшбасшысы Әлихан «Қазақ» газетасында ашық хат жариялап, газетаның мақсаты, өміршеңдігі, ондағы жарияланатын мақалалардың сапасы жайлы мәселе көтереді. Халқының марғау

мінез-құлқын, саясатқа деген енжарлығын сынай отырып, сол кездегі жалғыз ақпарат құралының нақты көздейтін мақсатын түсіндіріп, жалпы қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу адамдарын газета ісіне тартуды көздейді. Европада газета – ғұмыр айнасы. Ғұмырда не болса газетада көрініп тұрады. Газетаны оқып жұрт өзін-өзі көреді, өзін-өзі біледі. Білім артығы орын тапқан әдіс-тәсіл, бұлар ғұмыр жүзінде талас-тартыс сипаты... Газетаның қашса құтылмайтын бір ісі саясат жолы. Мұнымыз үкімет пен жұрт арасы. Жұрт үкіметпен қасыныспай, арбаспай ғұмыр сүрмес. Бізде жұрт жоқ па, үкімет жоқ па? Тоғыз облыс, бір губерния қазақ жайлау қылған жерде неше областной мекеме, неше мировой судья, неше крестьянский, уездный начальник мекемелері бар, осының әрқайсысында тым болмаса бір қазақ переводчик бар, окружной сот переводчиктері ғұмыр бойы қазақты аралайды. Газетаға – ғұмыр айнасына, әсіресе керек сот отчеты. Сотта ғұмыр ісі бояусыз көрінеді. Толстойдың сот отчетын зерттеп алып роман жазатыны осы...Қырда қанша учитель, мұғалім, болыс тілмашы бар. Тағы қырда адам, мал дәрігері, фельдшерлер бар. Хат білетін қазақ қанша? Осылар хабаршы-тілші болса, мен мұны жазамын ба? [45, 173 б.] Сол кездегі бұқаралық ақпарат құралы газета арқылы қазақ қоғамындағы кемшіліктер сыналып, алға жетелейтін, прогресске бағыттайтын идеялардың таралуына ықпал жасады.

Қазақтардың Империяның өктем, төрешіл билігінің қол астында жаншылған ұлттық намысын оятқан, жігерін қайраған, еңсесін көтеруге өздерінің шығармашылықтарын арнаған алаш қайраткерлері «Айқап» және «Қазақ» газеттерін шығаруға атсалысты. Бұл газеталар ұлттық рухты оятудың басты құралы болды. Оның басты көздеген мақсаты қазақтың ұлттық идеясын тарату еді. А.Байтұрсынұлының «Масасы», М.Дулатұлының «Оян қазағы» көтерген мәселесі, жан айқайы ХХІ ғасыр қазағы үшін де салғырттықтан, бойкүйездіктен, тойшылдықтан, даңғазалықтан әлі де болса арыла алмай отырған ұрпақтар үшін көкейтесті мәселелерді қозғаған нағыз рухани азық болар туындылар. Ә.Бөкейхан қазақ қоғамының дамыған жұрттан артта қалуының себептерін олардың тіршілік көзі тек мал бағу, байлық, қазына мал кіндігінде деп, мың қойды бір-екі қойшы бағатын жұрттың сиқы «тамақ, ұйқы, жалқаулық. Ғұмыр жарысында еріншек езге жол, бәйге, сыбаға жоқ. Ұлттық қор мен халық байлығының ұлғайтуда әр жұрттың өмір салтына қарай себептері әртүрлі болады. Сондықтан Алаш көшбасшысы қазақ елінің тұрмыс тіршілігін экономикалық тұрғыдан талдап тарқатады.

Саяси күрес алаңының алғашқы ұшқыны 1905 жылғы 25-26 маусым күндері «Қазақ даласының» орталығы Қарқаралы уезінде Қоянды жәрмеңкесінде он төрт жарым мың қазақ петицияға қол қойып Министрлер Кеңесінің төрағасына, Ішкі істер министрлігіне жолдаған. Петицияны дайындауға Ә.Бөкейхан, Ж.Ақбай, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, К.Тоғысұлы, А.Аяғанұлдары қатысты. Петицияда қазақ қоғамының ұлттық мүддесі тұрғысынан қойылған талаптар: ар-ождан бостандығы, діни сенім бостандығы, оқу-ағарту саласында ауылдарда сабақ орыс тілімен бірге қазақ тілінде жүргізілетін мектептер ашу, қазақ халқының күнделікті қажетін жария етіп отыру үшін қазақ тілінде газет шығарылсын, ол үшін цензурасыз газет және баспахана ашуға ешқандай бөгет жасалмасын, соңғы он бес жылда қоныстану қарқыны күшейіп, Ресейден қоныс аударушыларға ең тәуір жерлер, тұщы су көздері тартып алынып берілуде. Бұлай болмас үшін қазақтардың иелігіндегі жерлер олардың меншігі деп танылсын. Мемлекеттік аппаратта, сот орындарында іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу. Патша биылғы ақпанның 18-де шығарған Мәртебелі жарлығымен

орыстың заң шығару жиналысына халық сеніміне ие болған лайықты адамдарды шақыратынын жария етті. Қазақ халқының мүдделері мен құқықтарын қолдау үшін осы заң шығару жиналысына біздің де депутаттарымыздың қатысуы қажет. 1905 жылғы 26 маусым, Қоянды жәрмеңкесі. Осындай талап-тілектерін петиция арқылы білдірген қазақтың ұлт- азаттық қозғалысының өкілдерінің алғашқы бастамалары еді. Қазақтардың түгелге жуық ел билеушілері қол қойған бұл петициядан өкімет сескеніп, қазақ зиялыларын қуғындап, түрмелерге қамады. Бұдан Патшалы Ресейдегі монархиялық билік аясында қазақтардың құқықтары жүзеге аспайтынын түсінеді. Алайда ұлтын шексіз сүйген, оның еркіндігі мен мемлекеттік тәуелсіздігі жолында барлық күш-жігерін жұмсаған Әлихан және оның үзеңгілестері өз күрестерін әрі қарай жалғастырды.

Өз халқының онды құндылықтарын – адалдығын, қонақжайлылығын, батырлығын, шешендігін жақсы білген Әлихан «Сайлау» атты мақаласында: «Қырда үлгілі, өрнекті шешен, жүйрік, таза әділ жақсылар да бар ғой! Бұлардың қылып жүрген істері көзге көрініп тұрған жоқ. Қазақ-ау! Түзуің бірігіп жұрт үшін қам ойлайтын кезек келген жоқ па? Жалпақ жұрттың көкірегінде жақсылық болмаса, жұрт жұрт болып тіршілік қылып жүрмек емес. Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса, қазақ халқы соның соңынан ерер еді»[14,130б]. Ұлттық саяси сананы ояту үшін, ізгілікті адамдарды жұрт арасында белсенділік танытып халыққа қызмет етуге шақырады. «Пәлен хан-ай. Пәлен би-ай!» деп үйде отырып өкінесіңдер. Бұрынғы хандарың да, бұрынғы билерің де осы күні атқа міндім деп жүрген өздеріндей еді! Қазақтың бұрынғы басшыларында әділдік береке болса, бұ күнде қазақ бұл күйде болар ма еді? Жұрттың берекесі кетуге түптен себеп болған нәрсе қазақта бірліктің жоқтығы. Мемлекетшіл ойшылдың елдің берекесі, ұйтқысы ауызбірлікте» деген пайымдаулары қазіргі кезеңде де маңызын жойған жоқ. Соған қоса әділдік, адалдық қатарлы ізгі қасиеттерді алға шығарады. Құлықпен, өз халқын тонаумен тапқан табыстың берекесі болмайтынын түсіндірген мақалаларында: «Әділдік жоқ жұртта береке, бірлік болмайды. Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалар, қысты күні үңгірде жатып өз аяғын сорған аю мысалында ғой, қанша қомағайланса да сорғаны өз аяғы»[16,121-б.]. Әлихан халыққа қызмет ететін лауазым иелерінің бойынан табылуы керек жақсы қасиеттерді атап көрсетеді. «Мына келген жаңа заманда ақылмен, шеберлікпен, ұсталықпен алға жылжуға болады. Жұртқа ғаділ би пайдалы, көпке сүйенген, көп сөзін тыңдаған, билігін орнына салатын, арам жемейтін, іс білетін, халық үшін жаумен айтысатын болыс пайдалы. Ауылнайлыққа хат білетін, жол көрген, жасты сайлау керек. Елу басылық ... құрметті орын. Бұған ең құрметті ақсақал, ғаділ, жұрт-қамшыл, сатылмайтын, жөн білетін жақсыны сайлау керек. Алаш көшбасшысы қазақ елінің қызметшілері: әділ, адал, білімді, іскер болуы шарт. «Өстіп қазақ жұрт қызметшілерін түзетпесең, жұрт болып шаруаға айналып жарыспасаң, мұжыққа жер закон арқылы емес, тіршілік жарысы арқылы кетеді» [14,130 б.]. Басыбайлы, еркіндіктен айрылған кездегі ел билеу мәселесін шешу жолдарын, адамның ізгі қасиеттерін жетілдіру арқылы болатындығын дәлелдейді.

Ұлттық мемлекетте тіл тұғырлы мәселенің бірі. Ұлт өмірінде тіл сол ұлттың сақталуына, жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы тіл. Ұлт ұстазының естен шығаруға болмайды деген ескертуі: «...тәуелсіз дербес өмірге өзінің ана тілінде сөйлейтін және төл әдебиеті бар халық қана таласа алады». «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген А. Байтұрсынұлының ұлтты ерекшелейтін басты

белгісі тілдің маңыздылығын айғақтайтын осы ойлары қазіргі кезде де өзектілігімен маңыздылығы күннен күнге артуда. Ә. Бөкейхан XX ғасырдың басында қазақ тілінің тағдырына байланысты мұсылман сиезіндегі закон жобасына өзінің пікірін ашық білдіреді. Рухани мекемелерде қағаз татарша жазылсын деген жобаны дұрыс емес екендігін дәлелдеп шығады. «Түрік затты халықта біздің қазақтай тізе қосып отырған ел жоқ. Анық түрік затты халық тілі біздің қазақта. Жұртқа ыңғайлы болу үшін рухани мекеме қағазы һәр облыста һәр жұрттың өз тілімен жазылсын... Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Мир Якуп, Шаһкерім, Тарғыннан һәм өзгелерден көрініп тұр ғой» [14].

Көшпелі жұрттың тарихи жәдігерлері жоңғар шапқыншылығынан өртеніп, талан-таражға түсті. Қалғандары сахара жұртын зерттеген шетел саяхатшыларының қолында кетіп, XIX ғасырда Ресейдің отарына айналған шақтардан бастап орталыққа жіберілді. Алаштықтар ұлттық тарихты зерделеуді, қазақ халқы тарихының жазылмаған беттерін қолға алуды жолға қойды. Тарих өткен заманның жайынан сыр шертетін, халықты түзу жолға сілтейтін бағдар деп түсінген Ә.Бөкейхан «...біздің бұрынғы бабаларымыздың кім екендігі; олардың дүниеде не істеп, не бітіргендігі; қандай қуаты барлығы, ол қуатты не орынға жұмсағандығы; істеп жүрген ісінің қайсынан пайда, қайсысынан зарар көргендігі; бұрынғы бабаларымыздың досты-дұшпаны кім екендігі; не себеппен бағы тайғандығы және соған ұқсас істердің барлығын тарих сөйлеп түсіндіріп тұрады [15,375б.].Тарих арқылы өткен шақты, қазіргі кезенді, болашақты болжауға болады. Бұрынғы бабаларымыздың басынан кешкен жақсы-жаман қандай уақиға бар болса, оның бәрі де өткендегі бір істің нәтижесінен туған болады. Сол секілді, келешекте біздің басымызға түсешек бір уақиға, осы күнде қылып жүрген ісіміздің нәтижесі болмақшы. Тарих оқысақ, оның сөзін оқысақ қандай істен қандай нәтиже туатынын анық білетін боламыз: жақсы істен жақсылық, жаман істен – жамандық тумақшы деген [15, 375–376 бб.]. Ұлт тағдырында өз тарихи білу, оқиғаларынан тағылым алу қоғам дамуында дұрыс бағдар таңдауда тигізер пайдасы зор. Ойшыл: «Құдай не жазса соны көреміз деу – соқырлықтың белгісі.Тағдырда жазғаны болар деу -- ақымақтықтың белгісі». Алаш зиялылары қазақ халқының тарихына байланысты материалдарды сын көзбен қадағалап отырды. Ауызша тарих айту үрдісінде қазақтар арасында олардың генеологиясына қатысты мәселе өте қатаң сақталған. Осы жайтты М.Шоқай: «... рулық құрылымның классификациясымен шұғылданудың орнына, ұлыс, арыс буындардың аттарын ретсіз түзумен әуреге түскен. Қазақ рулары хақында біршама толық мағлұмат беретін кітаптар жазған Аристов, Городиков және Крафтар – патшалық Ресейде көрнекті әкімшіл орындар иеленген адамдар болатын. Аристов - Жетісу әскери уәлиінің орынбасары, Городиков-Сырдария облысының уәлиі, Крафт-Торғай уәлаятының әкімі еді. Олар өздерінің «ғылыми тұжырымдарын» жергілікті шенеуніктердің жолдаған материалдары негізінде жасайтын. Ал ауыл, болыс бастықтарының анкеталарды қалай толтыратынын біз жақсы білеміз. Мұндай тәсілмен жасалған материалдар қайшылықтарға тола болатын. Жүйесіздік болған жерде ғылыми түсінікте болуы мүмкін емес», - деп жазды[16]. Алаш зиялылары шындықты ғылыми бұрмалаушылыққа төзбей, ақиқат жолында күресті барлық салада жүргізді.

Әлихан Бөкейханның жалпы Ресей империясы мен жалпы мемлекеттік тұрғыдағы саясаткерлігін, Қазақстан тарихының толықтай бір дәуірінің территориялық, саяси қоғамдық бірлігінен айрылған тұстарынан қазақ

мемлекеттілігін қалыптастыру кезеңіне дейінгі оқиғаларға жетекшілік жасаған көшбасшылығы туралы осы уақытқа дейін ғылыми айналымға енген материалдар негізінде «Алихан Бөкейханов: человек эпоха» атты кітабында В.И. Козодой: «Алаш қозғалысының көсемдері мен Ә. Бөкейхановтың мақсаты Қазақстанның «тәуелсіздігі» болды ма? Бұл тұжырымды растайтын құжаттар, ең болмағанда орыс тіліндегі дереккөздерде, тарихшылардың қолында жоқ. Алашордалықтардың сол кезеңдегі ең жоғары мақсаты – автономия алу еді. Алайда бұл автономияны қазақ мемлекеттілігінің дәстүрін қайта қалпына келтірудің алғашқы кезеңі ретінде қарастыру қажет»[17]. «Тәуелсіздік», «дербестік», «еркіндік» алаштықтардың ұлттық идеясының негізгі өзегін анықтайтын ұғымдар. Қ.Әбішевтің зерттеулерінде алаш қайраткерлерінің түпкі мақсат мүддесінің өзі ұлттық тәуелсіздік болғандығын нақты көрсетіп береді. «Мұстафаның саяси көзқарастарының, мемлекет оның құрылымы, басқару формалары жөніндегі ұстанымдары түпкі еркіндік идеялары мен сенімдерінен туындайтындығы нақты мәселелерді талдауларынан-ақ анық байқалады. Ұлттық тәуелсіздік идеясының өзі еркіндік идеясының нақты саяси практикалық көрінісі. Орыс революцияшыл демократтарының да, большевиктердің де орыс емес ұлттардың өзін өзі билеу құқығы туралы ұрандарының бос сөз болып қалғандығы, Түркістан Алашорда автономияларының сол ұрандарды тиек ете отыра құрылып, кейін солар тарапынан күйретілгендігі орыс империясының құрамындағы еркін автономия құру әрекеттерінің бос қиял екендігіне көз жеткізеді. Шын еркіндік ұлт дербес мемлекет құрып, халықаралық қатынастарда өзін тек өзі билейтін субъект болғанда ғана мүмкін. Яғни еркіндік адамдардың сырттай қабылдайтын бір белгісі ғана емес, керісінше, оларды шектеушіліктерге төзбей, үнемі бұлқындырып жататын түпкі құндылығы. Мұстафа Шоқай басқа Алаш қайраткерлері сияқты ұлттық күрестің бас кездерінен-ақ, қандай мемлекеттік басқару формасы тәуелсіздікке неғұрлым сәйкес келе алатынын анықтап алды»[18] – деп қазақ зиялыларының о бастағы көздеген мұраттары тәуелсіз қазақ мемлекеттігін құру болғандығын нақтылайды.

Қорытынды

Әлихан Бөкейхан өзінің туған өлкесіндегі қоғамдық-саяси ахуалды зерделей келе болашақ туралы болжамдарын 1910 жылы жарияланған «Формы национального движения в современных государствах» деген кітаптағы «Қиргизы (казахи)» атты еңбегінде жазған болатын. Онда: «Қазақ халқының арасында саяси партиялар әзірге пайда бола қойған жоқ. Жақын болашақта қырғыз арасында қалыптасып келе жатқан екі саяси бағытқа сай екі саяси партия құрылуы мүмкін. Оның бірін ұлттық-діни бағытта деп атауға болар. Екіншісі қырғыз даласының келешегі кең мағынадағы батыс мәдениетін енгізуге байланысты деп есептейтін бағыт. Біріншісі мұсылман-татар партияларын үлгі тұтар, екіншісі – оппозициядағы орыс партияларын, атап айтқанда халық еркіндігі партиясын үлгі етпек»[19]. Осы талдауларынан-ақ ұлттың болашақ тәуелсіздікке жетуінің ең дұрыс жолы деп демократияны таңдағаны көрініп тұр. Алғашында болашақ қазақ мемлекеттілігінің формасын Ресейдің демократиялық федерациясының құрамындағы автономия деп түсінді.

Әлихан Бөкейхан буржуазиялық конституциялық демократиялық партияның мүшелігіне өтіп, өз ұлтына автономия алудан үміттенген болатын.

Соңынан бұндай үміттің алдамшы екендігіне көз жеткізген алаш көсемі «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» ашық хат жариялайды. «Қадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұрдша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып жалаңаш шыға келеді. Қадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық. Француз, орыс һәм өзге жұрттар тарихынан көрінеді: молла хукметтен ақша алса, сатылып кетеді. Рухани іс аяқ асты болады. Жалование алған молдалар хукіметке жетекші болып еріп кетеді. Біздің қазақ-қырғыздың ісін көркейтетін болсақ, хукімет ісінен бөліп қойған оң болады. Оны орысша «отделение церкви от государства» дейді. Кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарайды. Осы үш жол айырылғаны биыл ашыққа шықты. Мен сонан соң қазаққа Алаш партиясын ашуға тырыстым» [20, 268-269 бб.]

1917 жылғы Алаштың ұлттық идеясының тұжырымдамасы:

Ең бірінші ол жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхан: Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға де берілмейді.

Екіншіден, жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Әлихан Бөкейханның ойынша: «Оның әр бір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалуы керек».

Үшіншіден Ә. Бөкейханның жобалауынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек.

Төртіншіден қазақ мемлекетінде, мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек.

Бесіншіден ғылымға, ұлттық салт, дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық-демократиялық мемлекет құру болатын.

Қазақ халқының саяси көзқарасын қалыптастыруға, заманға лайықты ағарту жұмыстарын жандандыруға, еркіндігінен айрылған отарлық қамытты мойына асқан жұртын осы түнектен алып шығудың жолдарын іздестіруде ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары бүкіл саналы ғұмыры мен жанқиярлық еңбегін арнады. Әлихан Бөкейхан «Алаш» идеясы аясында өз үзеңгілестерін топтастырып өзінің басты көздеген мақсаты қазақ мемлекеттілігін қалпына келтірді. Алаш Ұлттық Республикасы 1918 қаңтарынан 1920 тамыз айына дейін тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүрді. 1920 ж. 30 тамызда «Автономиялық қазақ (қырғыз) Социалистік Кеңес республикасын құру туралы» декрет жарияланды. Алаш-Қазақ Республикасы жойылды. Алайда Алаштықтар аңсаған тәуелсіз мемлекеттік форма Қазақстан республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда орнықты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы. – Қайнар. – 1998. – 512 б.
- 2 Платон. Мемлекет «Әлемдік философиялық мұра». Жиырма томдық. 2-том. Антикалық философия. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.
- 3 Аристотель. Саясат // «Әлемдік философиялық мұра». Аристотель философиясы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 3-том. – 314 б.
- 4 Орынбеков М. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы философиялық ойлар. Қазақ даласының ойшылдары (XI – XII ғғ.) Алматы: Ғылым. 1995. – 160 б.
- 5 Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен ауд. және алғы сөзі мен түсінік. жазғ. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.

- 6 Гоббс Т. Левиафан // Избранные произведения: в 2- т. – М., 1965. – Т. 2. – 223 с.
7. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII – XX ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2004. – 400 б.
- 8 Мемлекет, оның басқару формалары/Жалпы ред. басқ. З.К. Шауқенова, С.Е. Нұрмұратов – Алматы:, ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 224 б.
- 9 Уәлиханов Ш. Тәңірі: Тандамалы және басылым туралы библиографиялық жазба. - Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2016. – 356 б.
- 10 Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей бірегей сот жүйесі. – Алматы: Атамұра, 2008. – 216 б.
- 11 Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2-том. / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Матыжанов К.І., Қорабай С.С., Қыдыр Т.Е., Шүкіман Е.Т., Жұматаева А.Н. - Алматы, «Жазушы» баспасы, 2020. - 528 б.
- 12 Бөкейханов Ә. Тандамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 405 б.
- 13 Шокай М. Тандамалы. –Алматы:Қайнар. 1999. – Т. 2. – 231 б.
14. БөкейхановӘ.Шығармалар.–Алматы:Қазақстан,1994.384б.
- 15 «Қазақ» газеті.1998. Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, - 560 б.
- 16 Шокай М.Тандамалы. – Алматы: Қайнар, 1999. – Т.2. – 231 б.
- 17 В.И. Козодой. Алихан Букейханов: человек эпохи. Алматы, 2021. – 313 с.
- 18 Әбішев Қ. М. Шокайдың әлеуметтік философиясы. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) XX ғасырдағы қазақ философиясы / З.К. Шауқенова және С.Н. Нұрмұратовтың жалпы редекциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты. 2016. – 385 б.
- 19 Букейхан А.Н. Киргизы // Костелянский А.Н. (ред.) Формы национального движения в современных государствах. - СПб., 1910. - С. 577.
- 20 Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. - 384 б.

Transliteration

- 1 Shohai M. Tandamaly [Custom]. – Almaty. – Khainar. – 1998. –512 b.
- 2 Platon. Memleket «Alemdik filosofiyalyh mura» [State “world philosophical heritage”]. Zhiy’rma tomtych. 2-tom. Antikalych filosofiya. – Almaty: Zhazushy, 2005. – 568 b.
- 3 Aristotel. Sayasat [Politics] // «Alemdik filosofiyalyh mura». Aristotel filosofiyasy.– Almaty: Zhazushy, 2005. – 3-tom. – 314 b
- 4 Orynbekov M. Zhusip Balasagunnyn «Hutty bilik» dastanyndagy filosofiyalyh oilar [Philosophical thoughts in the saga of Zhusup Balasagun “Kutty Bilik”]. Қазақ dalasynyn oishyldary (XI –XII gg.) Almaty:Gylym. 1995. – 160 b.
- 5 Balasagun Zh. Hutty bilik / Kone turki tilinen aud. zhane algu sozi men tusinik. zhazg. A.Egeubaev. – Almaty: Zhazushy, 1986. – 616 b.
- 6 Gobbs T. Levifan // Izbrannye proizvedeniya: v 2- t. – М., 1965. – Т. 2. – 223 s.
7. Hoigeldiev M. Ulttuh sayasi elita. Huzmeti men tagdyry (XVIII – XX g.) [National political elite. Activity and fate (XVIII-XX centuries)]. Zertteuler. – Almaty: «Zhalyn baspasy» ZhShS, 2004. – 400 b.
- 8 Memleket, onyn basharu formalary [The state, its forms of government] / Zhalpy red. bash. Z.K. Shaukenova, S.E. Nurmuratov – Almaty:, KhR BGM Filosofiya, sayasattanu zhane dintanu instituty, 2014. – 224 b.
- 9 Ualihanov Sh. Taniri: Tandamaly zhane basylym turaly bibliografiyalyq zhazba. - Almaty: Halyqaralyq Abaj kluby, 2016. – 356 б.
- 10 Zimanov S.Z. Khazahtun biler soty – biregei biregei sot zhuiesi [Kazakh court of judges-a unique unique judicial system]. – Almaty: Atamura, 2008. – 216 б.
- 11 Abai. Shygarmalarynyn akademiyahtolykh zhinagy [complete academic collection of his works]. Ysh tomtych. 2-tom. / Tomtych khurastyryp baspaga дайындағандар: Mатыжанов

K.I., Khorabai S.S., Khydyr T.E., Shukiman E.T., Zhumataeva A.N. – Almaty, «Zhazushy» baspasy, 2020. – 528 b.

12 Bokeihanov A. Tandamaly [Custom]. – Almaty: Khazakh enciklopediyasy, 1995. – 405 b.

13. Shohai M. Tandamaly [Custom]. – Almaty: Qajnar. 1999. – T. 2. – 231 b.

14. Bokeihanov A. Shygarmalar [works]. – Almaty: Khazakhstan, 1994. 384 b.

15 «Khazakh» gazeti [newspaper «Khazakh»]. 1998. Bas redaktor A. Nyssanbaev. – Almaty: «Khazakh enciklopediyasy» Bas redakciyası, 560 b.

16 Shohai M. Tandamaly [Custom]. – Almaty: Khainar, 1999. – T. 2. – 231 b.

17 Kozodoi V.I. Alikhan Bukeikhanov: chelovek epochi [Alikhan Bukeikhanov: a man of the era]. Almaty, 2021. – 313 s.

18 Abishev K.M. Shokaidynaleumettik filosofiıasy. Khazakh filosofiıasy tarihy (ezhelgi dauirden khazirgi zamanga dejin) XX gasyrdagukhazakh filosofiıasy [Social philosophy of M. Shokai. History of Kazakh philosophy (from ancient times to modern times) Kazakh philosophy of the XX century] / Z.K.Shaukenova zhane S.N.Nurmuratovtyn zhalpy redekciyasymen. – Almaty: QR BFM FK Filosofiıa, sayasattanı zhane dintanu instituty. 2016. – 385 b.

19 Bukeikhan A.N. Kirgizı // Kostelyanskii A.N. (red.) Formy nacionalnogo dvizheniya v sovremennykh gosudarstvakh. - SPb., 1910 g. S. 577.

20 Bokeikhanov A. Shygarmalar [works]. – Almaty: Khazakhstan, 1994. 384 b.

Нысанбаев А.А.

Философские концепции казахской государственности Алихана Бөкейхана

Аннотация. В статье предпринята попытка раскрыть философское содержание проблемы казахской государственности, особенности её становления и развития через творчество деятелей движения «Алаш». Делается обзор понятий и представлений о государстве и формах его управления в истории философии. Утверждается, что сущность государства и формы его управления во все времена были одинаковыми для всех цивилизаций и культур. Раскрывается потенциал политико-философских идей алашских деятелей как одного из источников, открывающих путь к самопознанию казахского народа и вхождению его в число передовых стран. Определяется роль научных исследований Алихана Бөкейхана в расширении сферы казахской философской мысли.

Ключевые слова: государство, казахская государственность, автономия, формы правления, власть, демократия, демократическая республика, независимость, свобода.

Nyssenbayev A.A.

Philosophical Concepts of Kazakh Statehood by Alikhan Bukeikhan

Abstract. The article attempts to reveal the philosophical essence of the problem of Kazakh statehood, as well as the features of its formation and development through the works of the leaders of the Alash movement. It provides an overview of concepts and ideas about the state and its forms of governance in the history of philosophy. It is argued that the essence of the state and its forms of governance have always been the same for all civilizations and cultures. The potential of the political and philosophical ideas of the Alash figures is revealed as one of the sources paving the way for the self-awareness of the Kazakh people and their entry into the ranks of advanced nations. The role of Alikhan Bukeikhan's scholarly research in expanding the scope of Kazakh philosophical thought is defined.

Keywords: state, Kazakh statehood, autonomy, forms of governance, authority, democracy, democratic republic, independence, freedom.

Келін түсті 17.09.2025

Қабылданды 12.11.2025